

Жоспары:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

1. Омыртқа жотасының қызметі және маңызы

2. Омыртқа жотасының иілімдері

3. Омыртқа жотасының құрылысы

4. Сколиоз


5. Дисктер ғрыжасы

6. Остеохондроз

7. Лордоз және Кифоз

III. Қорытынды

IV. Қолданылған әдебиеттер



КІРІСПЕ

- **Омыртқаға көп күш түседі. Адамның омыртқасына қарағанда жануардың омыртқасына түсетін күш аздау. Адам көп қозғалады. Таңнан кешке дейін компьютердің алдында отырады. Спортпен айналыспайды, бассейнге бармайды, тек екі қолмен ғана жұмыс жасайды. Қозғалыстың аздығы адамды ауру қылады. Ал омыртқа ауырса, оның ішіндегі жұлын қысылады. Жұлын қысылса, адамның денесін қоректендіріп тұрған қанның тарауы әлсірейді де, соның салдарынан бастан бастап, аяғыңның ұшына дейінгі ағзалардың, ішкі ағзалардың барлығы ауырады.**

II. Негізгі бөлім

1. Омыртқа жотасының қызметі және маңызы


Омыртқа арасында шеміршек пен сіңір болады. Жарақат алғанда, ауыр көтергенде шеміршек жарылып кетеді де, омыртқа арасындағы жүйке тамырлары мен қан тамырлары қысылып қалады. Екі аяққа күш түсіп, шыдатпай ауырады. Омыртқа ауырса, оның ішіндегі жұлын қысылады. Жұлын — адам ағзасының ең маңызды органы. Жұлыннан қан тамырлары мен жүйке тамырлары шығады. Жұлын қысылса, адамның денесін қоректендіріп тұрған қанның тарауы әлсірейді де, соның салдарынан бастан бастап, аяғыңның ұшына дейінгі ағзалардың, ішкі ағзалардың барлығы ауырады. Яғни, ішкі органдардың холестицит, белсіздік, жүректің, ішектердің, зәр жүру жолының ауруларын асқындырады.

2. Омыртқа жотасының иілімдері

- Ересек адамдарда омыртқа бағанасының сагитал жазықтығының бойында орналасқан 4 иілімдері, *curvaturae*: мойын, кеуде, бел немесе құрсақтық және сегізкөздік немесе жамбастық физиологиялық иілімдері ажыратылады. Бұл иіндердің ішінде: мойын, белиіндерінің дөңесжағы (лордозы) алға қарай бағыт алса, кеуде және сегізкөз иіндерінің дөңес жағы (кифозы) артқа қарай бағытталған. Жалпы омыртқалар, түр өзгешеліктеріне қарай негізгі және жалған омыртқаларға бөлінеді. Негізгі омыртқаларға: мойын, кеуде, бел омыртқалары жатса, жалған омыртқаларға: 1, 2 мойын, сегізкөз және құйымшақ омыртқалары жатады.

Омыртқа жотасы (columna vertebralis) 33-34 омыртқадан құралған . Олар 5 бөлімнен тұрады: мойын, кеуде, бел, сегізкөз және құймышақ. Құрылысы мен пішіні жағынан омыртқалар бір-біріне ұқсас, бірақ әр бөлімнің өзіне тән ерекшелігі бар.

Омыртқалар бір-бірімен серпімді шеміршек арқылы біріккен. Әрбір омыртқаның денесі, доғасы, бірнеше өсінділері бар.




Омыртқа жотасы (бүйірінен көрініс):

- 1 — мойын лордозы;
- 2 — кеуде кифозы;
- 3 — бел лордозы;
- 4 — сегізкөз кифозы;
- 5 — алға шыққан омыртқа;
- 6 — омыртқа сайы;
- 7 — көлденең өсінді;
- 8 — омыртқаның денесі;
- 9 — омыртқа аралық қуыс;
- 10 — сегізкөз сайы;


Омыртқа жотасы (алдынан көрініс):

- 1 — мойын омыртқалары;
- 2 — кеуде омыртқалары;
- 3 — бел омыртқалары;
- 4 — сегізкөз омыртқасы;
- 5 — атлант;
- 6 — көлденең өсіндісі;
- 7 — құймышақ




Мойын омыртқаларының саны 7. Көлемі кіші, көлденең өсіндісінде тесік болады.

Бел омыртқалары саны-5, бір-бірімен тығыз байланысқан. Денесі мен білікше өсіндісі үлкен, жалпақ.



VI мойын омыртқасы (үстінен көрініс):

- 1 — қылқанды өсіндісі;
- 2 — омыртқа өзегі;
- 3 — төменгі буын ойдымы;
- 4 — жоғарғы буын ойдымы;
- 5 — омыртқа денесі;
- 6 — көлденең өсінді;
- 7 — көлденең өсіндісінің тесігі;
- 8 — қабырға өсіндісі







III бел омыртқасы (үстінен көрініс):


- 1 — қылқанды өсіндісі;
- 2 — жоғарғы буын өсіндісі;
- 3 — төменгі буын өсіндісі;
- 4 — көлденең өсіндісі;
- 5 — омыртқа өзегі;
- 6 — денесі

Кеуде омыртқасының саны-12., денесі жоғары және төменгі бүйірінде қабырға үшін ойығы бар. Бұл ойыққа қабырғаның басы келіп қосылады. Өзек тесігі дөңгелек, білікше өсіндісі ұзын, арқадан төменгі қарай, тасбақаша жатады.

Сегізкөз бірігіп кеткен 5 омыртқалар жиынтығы. Пішіні үшбұрышты, жалпақ, төменге қарай тарылады. Алдыңғы бетінде көлденең 4 сызық, омыртқалардың қосылуынан қалған. 4 жұп тесігі бар, жұлынның жүйкелері шығады.



Құйымшақ 4-5 жетілмеген омыртқадан тұрады. Олар бір-бірімен серпімді шеміршек арқылы байланысқан.



Құйымшақ

А — алдынан көрініс;

Б — артқы көрініс;


1 — құйымшақ мүйізі;

2 — өсіндісі;

3 — құйымшақ омыртқалар.


Омыртқаның бірігуі

Дененің тірегі болып табылатын меншікті бағананың өзін түзетін омыртқа денелері өзара омыртқа аралық дисктер (*discus intervertebralis*) деп аталатын симфиздер арқылы қосылып, байланысады. Әрбір осындай диск талшықты-шеміршекті табақша болып табалады. Бұл талшықтар табақшаның беттерінде аса берік фиброзды сақина (*annulus fibrosus*) түзеді, табақшаның ортасында жұмсақ талшықты шеміршектен тұратын арқа хордасының қалдығы сілікпетәрізді ядро (*nucleus pulposus*) болады. Бұл ядро күшті қысылған және ұдайы кеңеюге тырысады, сондықтан ол серпіндіріп және буфер тәрізді соққыларды жұмсартып тұрады.



Сколиоз

- Сколиоз – ол көбінесе жас өспірімдер мен мектепке дейінгі балаларда кездесетін омыртқа жотасының ауруы. Егер сыртынан карасақ омыртқа жотасының иілуі байламдар мен сүйекке байланысты S тәрізді болып келеді. Сколиозды омыртқа бұзылысымен жиі шатастырады. Бірақ сколиоз омыртқа бұзылысының күрделі түрі. Омыртқа жотасының бұзылысы: баланың дұрыс отырмауын, қозғалуын қадағаламаса немесе кальций жетіспесе, бұлшықет әлсірегенде байқалады. Қазіргі жас өспірімдердің, оқушылардың біриықп сумкалары, ауыр кітапты котерулері, ыңғайсыз парталар сколиоздың дамуына алып келеді.



Дисктер грыжасы

НОРМАЛЬНЫЙ ДИСК

ДЕГЕНЕРАТИВНО
ИЗМЕНЕННЫЙ ДИСК

ПРОТРУЗИЯ ДИСКА


ГРЫЖА ДИСКА



- Дисктер грыжасы- ол тірек-қимыл жүйесінің ең қауіпті ауруларының бірі. Дисктер грыжасының пайда болу себептері әр түрлі болуы мүмкін. Жастық ерекшеліктер де әсер етеді. Диск грыжасы былай п. б. – оның қабағы жарылып, құрамындағы заттар жұлынға еніп, оны ығыстырады. Грыжаны хирургиялық операция арқылы емдеуге болады, бірақ ол омыртқа жотасының басқа аймағының бұзылуына әкелуі мүмкін. Ең тиімті тәсілі комплексті емдеу: мануальді терапия, физиотерапия және массажды.

Остеохондроз

Остеохондроз – қабырға аралық дисктердің құрылысының өзгеруінен болатын патологиялық ауру. қатар тұрған омыртқалардың арасындағы шеміршек деформацияланып, ақырында омыртқалар арасы жақындап кетеді де, оның ортасындағы жұлын-ми жүйке тамырлары қысылып, адамның белі, аяғы, қолы, басы, тіпті, ішкі ағзаларының барлығы ауруға ұшырайды. Грек тілінен аударғанда «osteо» — сүйек, ал «hondra» — шеміршек деген мағына береді екен.



Лордоз және Кифоз

- Лордоз – ол туа пайда болған немесе жүре пайда болған омыртқа жотасының мойын және бел аймағындағы алға қарай иілуі. Лордоздың п. б. себебі:
- – жамбас бел буынының шығып кетуі (бұл жағдай белдің алға қарай шығып кетуіне себеп болады);
- – іш аймағындағы майлардың тым артық мөлшерде жиналуы оның дамуына әсер етеді.
- Лордоз омыртқа жотасының бұзылуына, байламдары мен бұлшықеттерінің тартылуына алып келеді. Одан басқа ол жүректің, өкпенің, асқорту жолының жұмысын бұзады. Науқастың жиі басы ауырып, тез шаршап, организмінде зат алмасу процесі бұзылып, жалпы жағдайы нашарлайды.
- Лордоз комплексті емдеу тәсілін талап етеді. Яғни: бандаж тағу, арнайы арналған массаждар, гимнастикалық жаттығулар және т.б.

- **Кифоз – ол омыртқа жотасының артқа қарай тым иілуінен пайда болатын ауру.**
- **Кифоздың 2 түрі бар:**
- **- физиологиялық кифоз (нормада ересек адамдарда байқалады)**
- **- патологиялық кифоз, ол рахиттің, туберкулездің әсерінен бір не бірнеше омыртқаның зақымдануынан, омыртқа жотасының бұзылуы және т.б. көптеген себептерден дамиды.**
- **Кифоз «дөңгелек арқаның» пайда болуына алып келеді, иықтар алға қарай «салбырап» қалады. Белдің еңкейу бұрышы азайып, іш алға қарай шығып тұрады.**
- **Кифозды емдеу тәсілі комплексті болуы қажет: массаж, ФТО, гимнастикалық жаттығулар. Олардың арқайсысы кифоздың даму деңгейіне, бұлшықет жүйесіне жағдайына, таға да басқа сырқаттарына қарай таңдалады.**



Кифоз



Лордоз



Сколиоз

Қорытынды

- Омытқа жотасының ауруларының қай-қайсысы болса да өте зиян болып табылады. Себебі: оның бұзылыстары жұлынның зақымдануына алып келеді. Егер жұлынның кеуде аймағы зақымданса колдардың, кеуде-бел аймағында зақымданса ішкі ағзалардың, егер бел аймағы зақымданса аяқтардың жұмысының бұзылысына алып келеді.

Қолданылған әдебиеттер

- *Атлас. Адам анатомиясы” А. Рақышев.1-ші том.2005ж.*

1. Ә. Күзембаева «Адам анатомиясы»
15-65 беттер
2. В.Я. Липченко «Атлас нормальной анатомии человека»

